

**Түрік Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына, тамақтануына және оларға автокөлік қызметін көрсетуге қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 7 қараша N 1410

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 2001 жылғы

4-8 маусымда Астана қаласында өткен Қазақстан-түрік үкіметаралық экономикалық комиссиясының екінші мәжілісіне қатысқан Түрік Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұрғаны, тамақтанғаны және оларға автокөлік қызметінің көрсетілгені үшін шығыстар бойынша ақы төлеуді 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен жүргізуге рұқсат берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.